



Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті колледж студенттері ортасында қалыптастыру БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Жалпы ережелер

Осы Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Тұжырымдамалық тәрбиелеу негіздеріне сәйкес дайындалған және техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша оқытын жастарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Тәрбие жұмыстың мақсаты және міндеттері

Бағдарламаның мақсаты колледжде аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриотты қалыптастыру үшін жағдай жасау.

3. Көрсетілген мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер қойылады:

- 3.1) рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;
- 3.2) студенттердің мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру;
- 3.3) білім алушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;
- 3.4) жасөспірімдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру.

4. Кешенді іс-шаралар өткізу үшін келесі тәрбиелеу түрлері қолданылады:

- 4.1) адамгершілік тәрбиелеу - моральдық-этикалық қағидаларын қалыптастыруға, әр студенттің сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған;
- 4.2) әлеуметтік-құқықтық тәрбиелеу - азамат және мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың мәні туралы түсінік алуға, құқықтар мен міндеттер туралы білім алуға, құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігіне көз жеткізуге, сыбайлас-жемқорлықтың қоғамдық қауіпін түсінуге бағытталған;
- 4.3) эстетикалық тәрбиелеу - оқушылардың эстетикалық талғамын және қоршаған ақиқатқа мейірімді және патриоттық көзқарасын тәрбиелеуге жәрдемдесетін білім алушылардың өнер, әдебиет туындыларының көркемдігін түсінуін дамытуға бағытталған.

5. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру

- 5.1. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу ұйымдарында (бұдан әрі - колледж) жүзеге асырылады.

5.2. Тәрбие жұмысына басшылық жасау колледждің басшылығы мен оқу топтарына жетекшілік ететін педагог-технолог қызметкерлерге жүктеледі.

5.3. Колледждерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, яғни сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайтуға, оның ішінде білім алушылардың заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыруға, білім және мәдени деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешені өткізіледі.

6. Колледжде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатын «Адал Ұрпақ» ерікті клубы құрылады.

7. Тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық негізі:

- 1) колледждің тәрбие жұмысының тиісті оқу жылына арналған кешенді жоспары;
- 2) топқа жетекшілік ететін педагог-технолог қызметкердің тәрбие жұмыс жоспары;
- 3) «Адал Ұрпақ» ерікті колледж клубының жұмыс жоспары болып табылады.

8. Осы бағдарламаның 7-тармағында көрсетілген жоспарлар колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес қалыптастырылады (қоса тіркелген).

9. Жоспарларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысын, күнтізбелік іс-шаралар өткізудің, қоғамдық ұйымдармен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестіктің негізгі бағыттары көрсетілген.

10. Тәрбие жұмысын жүргізуде азаматтар, қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитеттері, қоғамдық бірлестіктер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар қатыса алады.

4. «Адал Ұрпақ» ерікті клубы

13. «Адал Ұрпақ» ерікті клубының негізгі міндеттері колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды жетермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

14. «Адал Ұрпақ» ерікті клубы келесі секциялардан тұрады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясы дәрістерді, «дөңгелек үстелдерді» және басқа да ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар байқаулары мен іс-шараларын ұйымдастыруға қатысады.

17. Мәдени-бұқаралық іс-шаралар секциясы акциялар, флэш-мобтарды, диалог алаңдар, қоғамдық ардагерлер ұйымдарының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер және басқа да әлеуметтік-маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.